

XXIV МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ  
ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ

**«ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ  
НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ  
В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**



**ВЫПУСК 24**

**28 апреля 2017 г.**

**г. Переяслав-Хмельницкий**

«Переяслав-Хмельницкий государственный педагогический университет  
имени Григория Сковороды»

Совет молодых ученых университета

Материалы XXIV Международной научно-практической интернет-  
конференции

**«Тенденции и перспективы развития науки и образования  
в условиях глобализации»**

28 апреля 2017 года

Сборник научных трудов  
Переяслав-Хмельницкий – 2017

УДК 001+37(100)

ББК 72.4+74(0)

Т 33

Материалы XXIV Международной научно-практической интернет-конференции «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации»: Сб. науч. трудов. – Переяслав-Хмельницкий, 2017. – Вып. 24. – 439 с.

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**Коцур В.П.** – доктор исторических наук, профессор, академик НАПН Украины, ректор ГВУЗ «Переяслав-Хмельницкий государственный педагогический университет имени Григория Сковороды»

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**Рык С.Н.** – кандидат философских наук, доцент, проректор по научной работе ГВУЗ «Переяслав-Хмельницкий государственный педагогический университет имени Григория Сковороды»

**Скляренко О.Б.** – кандидат филологических наук, доцент кафедры иностранной филологии и методики обучения

**Коцур В.В.** – кандидат политических наук, председатель Совета молодых ученых университета

**Кикоть С.Н.** – кандидат исторических наук, заместитель председателя Совета молодых ученых университета

**Гайдаенко И.В.** – кандидат исторических наук, секретарь Совета молодых ученых университета

©Совет молодых ученых университета

УДК 811.112.2

Роза Оразалинова, Кульшат Жиренишина  
(Алматы, Қазақстан)

### ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ

Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық коды- ұлттық құндылықтарды жаһандану кезеңінде рухани жаңғыруы қажет екені туралы айтылады. Автор қыз бала тәрбиесіне ерекше тоқталып, ұлттық тәрбиенің негізі – осы қыз-келіншектердің, яғни ұрпақ тағдыры осы аналарымыздың қолында екенін баса айтады. Сондықтан ұлттық кодты сақтап қалуда оған жаңаша көзқараспен үңілуіміз керектігіне көңіл аударады.

**Түйін сөздер:** рухани жаңғыру, ұлттық код, халық этнопедagogикасы, ұлттық идеологиялық бағыт, ұлттық құндылықтар.

*This article states that in the period of globalization, a national revival must be preserved. The author focuses an attention on the fact that women have significant role in the upbringing of children.*

**Key words:** spiritual revival, national code, ethnopedagogy, national values, national ideology orientation.

Қазіргі таңда лингвистикалық зерттеулердің көбісі ұлттық психология және халықтың этнографиясымен байланыстыра зерттеу үдерісінде, яғни тіл ғылымындағы зерттеу бағыты салааралық сипатта көрініс табууда. Ұлттық психологияның негізі – қазақ халқының тарихы, ортасы, материалдық және рухани мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі мен дінінде жатыр деуге толық айтуға болады. Ғалымдар тілді қолданатын адам болғандықтан оны тек құрылымдық жағынан ғана зерттеп қоймай, енді тілді адам тұрғысынан, яғни оның психологиялық болмысына және тұрмыс-тіршілігіне байланысты құбылыстарды зерттеуге бағытталған. Өйткені тіл – ойды жүйелеуші, демеуші, жарыққа шығарушы болса, тәрбие – психологияны қалыптастырады. Салт-дәстүр – ұлттық өмір сүру дағдысы, ұлттық психология – халықтың табиғи даралығы. Бұл ұғымдар болашақ ұрпақтың бойына ұлттық қасиеттерді дарытудың, адами қарым-қатынас ерекшеліктерін ұғындырудың бірден-бір жолы десе болады.

Тіл мен ойлау процесінің арасындағы өзара байланысты алғаш ғылыми тұрғыда қарастырған неміс ғалымы Гумбольт: «Тіл мен ойлауды бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын құбылыс» деп қарастырады. [1, 130] Тіл академигі Ә.Қайдаров: «Әрбір халықтың тілі тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар рухани болмысы мен мәдени байлығының барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қасиеті бар.» [2, 34] дегендей, халық тілі – халық өмірінің рухани қазынасы, мәдениеті. Профессор Қалиұлы Б.: «Тіл – халықтың бүкіл өмірінің айнасы. Ол – халықтың ақыл-ойы мен сана-сезімінің, мәдениетінің барлық жауһарлары жинақталған мұражайы, асыл қазынасы, алтын қоры. Өмірді тілден артық бейнелейтін, тілден артық сипаттап көрсететін еш нәрсе жоқ». [3, 140-141]

Бүгінгі таңда жастарды ұлттық негізде тәрбиелеу қажеттілігі туындап отыр, өйткені қазіргі жаһандану кезеңінде әрбір ұлт өзі сақтап келе жатқан салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін жас ұрпақтың жан-дүниесіне сіңіре отырып, оның саналы, ұлтжанды, ұлттық құндылықтармен сусындаған жан-жақты азаматтар тәрбиелеп шығару. Ата-бабамыз өздерінің сан ғасырлар бойы ұлы тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана мен әдеп-ғұрпын, дәстүр-рәсімдерін қалыптастырды. Осы ұрпақ тәрбиесін дамытуда зор үлес қосқан қазақ тарихында небір ойшыл философтар мен педагогтардың есімімен тығыз байланысты. Қазақстанда ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген Мағжан Жұмабаев болды. Ол өзінің «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті...» деп

Добавлено примечание (ЖК1):

атап көрсеткен. [4] Бұл жерде Мағжанның халық педагогикасының халықтық тарихы мен мәдениетімен бірге қалыптасып келе жатқан ауқымды дүние екенін растай түсіп, оның заманның қай кезеңінде болсын ұрпақ ең негізгі құралы болып қалатынын болжай білгендігін көреміз.

Халық педагогикасы – ғасырлар бойы қалыптасып, үнемі дамып келе жатқан үрдіс. Бұл тәрбие жөніндегі педагогикалық білім мен тәрбие тәжірибесінің жиынтығы. Халық педагогикасының қағидалары қай халықтың болсын болмыс-тұрмысымен, салт-дәстүрімен тығыз байланыста болып, үнемі өсіп-өркендеп дамып отырады.

Қазақ халқының түрлі тарихи кезеңінде өмір сүрген ұлы ойшылдар мен «Алаштың» ардақты азаматтарының шығармашылығында халық даналығы: тіл, сөз, сөйлеу мәдениетіне ерекше көңіл бөлген. «Өнер алды – қызыл тіл» деп ұғынған азаматтар қазақ тілінің, сөз өнерінің рухани күш-қуатын танытуда халық ауыз әдебиетіне жүгінеді. Аузы дуалы жыршы-жыраулар мен шешен-билері болса елге басшылық етіп, ақыл-кеңеспен ғана шектелмей, өз шығармаларында сол дәуірдегі халықтың ауыр тұрмыс жағдайын, ел мұңын, азаттық үшін болған қанды майдан көрінісін, батырлардың ерлігі мен қаһармандығын, тарих шындығын өз жырларына қосты. Халықты өнегелі сөздерімен, жыр толғауларымен ынтымағы жарасқан ел болуға, береке-бірлікке шақырып, елі мен жерінің тұтастығын сақтауға ықпал етті. Ұлы Абай тағылымы жастарды адамгершілік, ынтымақтастық, татулық, әділдік, адалдық, талаптанушылық, талапкерлікке шақырса, Ы.Алтынсарин өзінің ағартушылық қызметінде халықтық ән-күйлерін, ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлерді, қол өнерді пайдаланды. А.Байтұрсынұлы туған тілінің табиғи ерекшелігін ғылыми тұрғыда негіздеп, жан-жақты түсінік береді. Сөз өнері мен тілдің сауаттылығы адамның психологиялық дамуымен, адам санасының үш негізімен, яки ақыл, қиял, көңілмен байланысты деп ой тұжырымдайды. Сөйтіп жастарға туған тілдің табиғи өзіндік ерекшелігін айқындап танытуды, аталы сөздің құдірет күшін жеткізуді, ұлттық мәдени, рухани күш осы халық тілінде екендігін санаға ұялатуды мақсат тұтады. М.Жұмабайұлы: «Тілсіз ұлт - тілінен айырылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт - тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы – ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен басқа қымбат нәрсе болмауға тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады», - деп ұлттық тілдің құдіретін баса түсіндіреді. [4, 160 б.] «Атаның баласы болма, адамның баласы бол!» - деген қағиданы басшылыққа алған қазақ халқы бала тәрбиесінде адам бойындағы адами жақсы қасиеттерді ана тілінің құдіретіне сүйеніп: «Әдепті бала өсірсен – ауылдың абыройы» деген қағидалы ойды ұстанған ата-бабаларымыздың туған ел, жер, ата-ана, отбасы алдындағы азаматтық борышы мен міндетін ұғыну және орындау барша қазақ баласына: ұл-қызға ортақ талап екенін айқын аңғарылады. Осындай ұлттық құндылықтардың бағдаршамы – қазақтың маңдайына біткен ұлы кемеңгер-ойшыл Абайдың қарасөздері: ұлттық тәлім-тәрбиеге, ұлттық салт-дәстүрге, ұлттық дала философиясына, ұлттық даналық көркемдік сөздерге, яғни қазақ халқының бүкіл болмысын айқындайтын ұлттық калоритке тұнып тұрған дүниелерді ұрпақтан-ұрпаққа таралып, жалғасын тауып, адам өміріне, әсіресе рухани азығына айналған баға жетпес құндылықтарға толы Абай қарасөздерінің қайсысын оқысаң да, өзіне қажетті ой-пікір, күш-қуат, жаңа серпін аласың, өмірге деген, жалпы адамзатқа деген көзқарасыңды айқындайсың, өз бойыңдағы дұрыс және бұрыс жақтарды таразыға саласың, адам өмірге шыр етіп түскеннен о дүниеге дейін адами қалпыңды сақтау керектігін, діни жағынан да өзіңе азық, сүйеніш табасың, ғылым-білімді үйрен де, жирен дегендей, Абайдың жан-жақтылығын өзіңе пір тұтып, «атымды «Адам» қойған соң, қайтіп надан болайын» дегеніндей, адамгершіліктің биігі – имандылыққа ұмтыласың.

Абай 10-шы қарасөзінде ата-ана өзіне жақсы ұрпақ қалдыру үшін өздері соған лайықты үлгі болулары керек дейді, яғни ата-ана адал еңбектерімен бала тәрбиесіне, біліміне ерекше көңіл бөліп, оның жан-жақты дамуына ықпал ету керектігін айтады. Бала өзінен-өзі өсіп жетіле салмайды деген ұғымға саяды. Ұлттық тәрбиенің құндылығы – бала өмірге шыр етіп келгеннен ержетіп, есейіп, Абай атамыз айтқандай, «толық адам» қалпына жеткенше бойына сіңіруде отбасының рөлі өте маңызды екеніні мәлім. Бірақ қазіргі кезде ата-ана мен бала арасындағы алшақтықты, түсінбеушілікті, қайырымсыздықты, қатыгездікті көбірек байқаймыз. Айтатын себептер көп, бірақ басты себеп – ата-ана бала алдындағы міндетін, ал бала ата-ана алдындағы борышын орындау керектігін ұмытқан сияқты... Соның салдарынан кейбір отбасыларда өз ата-анасын қарттар үйіне тапсырып жатқан келеңсіз жағдайлар бар. Қазақта «ата-анана не істесең, алдына сол келеді» дегендей, солардан тараған тас жүрек, мейірімсіз ұрпақ жалғасып кете берсе, ұлттық тәрбиемізге нұқсан келетіні анық. Ата-бабамыз қыз бала тәрбиесіне қатты көңіл бөлген. Ауыл, ру болып қыздың намысын қорғаған, керек болса, атысқан-шабысқан. Қазақ халқы қыз баланы ешкімге басындырмай, «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоктырмай», оны мәпелеп, аялап өсірген тәрбие үрдісімізді, қазір ата-аналар жоғалтып алған сияқты. Қыз баланы тәрбиелеуде келешек ана, отбасының ұйтқысы деп, анасы мен әжесі үй-ішінің жұмыстарына, қолөнер шеберлігіне тартып, оған ерекше көңіл бөлген. Соңғы кезде басылым беттерінде, теледидарларда қыз баланың тәрбиесі жайында жағымсыз әрекеттерді: қатыгездік, намыссыздық, ар-ұяттан жұрдай жан түршігерлік жағдайлар кез-келген адамды толғандырмай қоймайды. Бұл – ұлттың болашағына салынған «қара таңба»! Қыз бала өз бойын үкідей сақтап, келешек ұрпақтың тағдыры өз қолында екенін, АНА деген құрметке бөленетінін және бұл мәселеге өте жауапкершілікпен, саналы түрде келу керектігін түсінгені жөн. Сонымен қатар «ана» болған кейбір қыз-келіншектер де адами болмысқа жатпайтын: өз балаларын аяусыз ұрып-соғуын, тасжүректілігін, мейірімсіздігін көріп отырып, адамның айуаннан асып түспесе кем түспейді деген ойға келесін. Айуан да өз баласын бұлай жасамас. Ең сорақысы, қыз-келіншектер өз балаларын саудаға тауар ретінде сатқандары – адами болмысқа жат, оған ешқандай теңеу сөз жоқ шығар! Тірі жетім – тастанды балалар қаншама! Шетелге асып кеткен қаракөз балаларымыз қаншама! Сонда біздің ата-бабаларымыз тірнектеп жиған ұлттық тәрбие үрдісін сақтамай, жоғалтқанымыз ба, әлде қоғам әлсіз бе, әлде жаһанданудың әсері ме, әлде рухани азғандық па?... Осы мәселелердің қандай да шығатын жолдарын, шешімдерін табуға болады ғой. Сондықтан бұндай келеңсіз жайттарды болдырмас үшін әрбір адам өз болмысын саналы түрде игеруі керек. Әркімнің өз тағдыры өз қолында, біреу сен үшін өмір сүрмейді ғой. Абай атамыз айтқандай, дүниеге адам боп келгеннен соң, адами қалпында өмір сүріп өт деген нақыл сөзі – өмір шындығы. Осындай келеңсіздіктерді болдырмау үшін отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, жалпы қоғам болып атсалысып, дер кезінде оларға бағыт-бағдар беріп, ақылымызды айтып, көмек қолымызды созуымыз қажет. Қай жерде болмасын қыз баланы тәрбиелеуде арнайы дәріс беретін курстар: тамақ дайындау, тігінге үйрету, ою-өрнек кию, тоқу өнері, «жас келін» бұрышы, діни сауаттылықты ашу, қыз гигиенасы тағы басқа үйірме-топтар құрылып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Абай 38-ші қарасөзінде адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, солардан аулақ болу керектігін айтады. Олар: біріншісі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық. «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниені ешнәрсені оларсыз біліп болмайды, білімсіз – хайуандық болады» дейді. [5, 161 б.] Сондықтан жастарымыз білімді-ғылымды игерген, жоғары парасатты, зиялы тұлға болғанда ғана, біздің еліміз Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында айтқанындай: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени

ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» дегені - келешегіміздің айқын жолын көрсетіп тұрғаны мәлім. [6]

«Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талассыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» дейді. [7, 161 б.] Осы жаман қасиет кейінгі жастарымызда көптеп байқалады, яғни дайын асқа даяр, жеңіл нәрсеге үйір, пайданы оңай жолмен тапқылары келеді, ауыр жұмыстан қашады. Әрине, бұл дұрыс емес, адам тек еңбекпен, маңдай терімен ғана көркейеді, байиды, елге сыйлы, жас ұрпаққа үлгі-өнеге бола алады. Абайдың «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегеніндей, жастарға біз айтуға ерінбейік, ал жастар өз бойына сіңіре берсін. Абай атамыз: «залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады» дейді. [8]

Қазіргі кездегі әлемнің әр түкпірінен шығып жатқан әр түрлі террористік шапқыншылықтар, жарылыстар – адам баласының жан түршігерлік залымдығының бір айғағы. Бұзақылықтың шектен асуы - жауыздыққа жеткізеді. Бұзақылық – асқан өзімшілдіктен, күншілдіктен, көре алмаушылықтан, қызғаныштықтан, қысқасы адами азғындықтан шығады. Қазақта бір тәмсіл бар: «жақсылықты қайдан үйрендің дегенде, жамандықты көріп, жиренуден үйрендім» деген көрінеді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз». [9]

Қазақ халқының ерекше бір қасиеті – ұл-қыздарын білім алуға, ғылымға, өнерге тәрбиелеуге келгенде ешнәрсесін аямай, барын салып оқытып-тоқытып шығаруға тырысады. Бұл – ерлік іс, үлкен міндет. Еліміздің ертеңін жалғайтын, келешегіміздің кірпішін қалайтын жастардың жан-жақты білімділігі, сананың ашықтығы, табысты болудың ең басты факторы – білім алу, ғылымға ұмтылу екені айқын. Кез-келген мемлекеттің дамуы – сол елдегі тұратын ұлттың білім деңгейімен өлшенетіні мәлім. Жаһандану кезеңінде жастар арасында батысқа еліктеушілік, солардың жағымсыз іс-әрекеттерін қабылдауда, осының салдарынан ұлттық қасиеттерімізге жат көптеген келеңсіз жайттар басым болып отыр: нашақорлық, тастанды жетім балалар, қарттар үйіндегі ата-аналар, «қиын» балалар, маскүнемдікке салыну, жауыздыққа бой салуы, басқа дінге кіруі, өзіне-өзі қол жұмсауы тағы басқа адамзатқа жат, жаман, жан түршігерлік әрекеттер. Осылардан аулақ болудың және олардың алдын алып, болдырмаудың тура жолы – ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ – дені сау, білімді, саналы, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, мейірімшіл, кешірімді болып өседі. Сондықтан да Елбасымыздың: «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласының тағылымы терең. Бұл – жаһандану кезеңіндегі рухани тазарудың жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Сан ғасырлар бойы жинақталған ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, заманауи қоғам көшінен қалмай, келешек ұрпағымыздың жан-жақты білімді, рухани жағынан бай, яғни ұлттық кодымызды, ұлттық қасиетімізді әлемдік ғылыммен, уақыт ағымымен өркендетіп, озық технологияларды орынды пайдалану арқылы жаңғыруымыз керек. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» - ұлттық идеологиялық бағытымыздың кепілі. Елбасы өз мақаласында: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана». [10] Ойымды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың баянды сөзімен тұжырымдаймын: «Біз өзіміздің ұлттық жүйемізді, тарихи танымымызды,

рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек».

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Раев Д. Қазақ шешендігі философиясы. – Алматы, Қарасай, 2011.
2. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, «Ғылым» баспасы, 1988.
3. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. – Алматы, 2012.
4. Жұмабаев М. Педагогика – Алматы. Ана тілі, 1992. – 160 б.
5. Абай Құнанбаев Шығармалар, екі томдық, 160 бет. «Жазушы» баспасы, Алматы, 1968.
6. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Егеменді Қазақстан» газеті, 12 сәуір, 2017, Алматы.
7. Абай Құнанбаев Шығармалар, екі томдық, 161 бет. «Жазушы» баспасы, Алматы, 1968.
8. Абай Құнанбаев Абай Құнанбаев. Шығармалар, екі томдық. «Жазушы» баспасы, Алматы, 1968.
9. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Егеменді Қазақстан» газеті, 12 сәуір, 2017, Алматы.
10. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Егеменді Қазақстан» газеті, 12 сәуір, 2017, Алматы.